



Цикл уроков: Ораза қабыл болсын

Кульмусаков Мейіржан: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Құрметті көрермендер! Аллаһ Тағала баршамыздың Қасиетті Рамазан айында ұстаған оразаларымызды қабыл етсін, әрбір жасаған құлшылық ғибадаттарымыз Аллаһ Тағаланың разылығына сай болсын. Бүгінгі айтатын уағызымыздың тақырыбы – «Ата-ананың бала алдындағы міндеті» жайлы болмақ.

Әкенің балаға қалдырған ең үлкен мұрасы, мирасы – ол, әрине, бала-шағасына берген жақсы тәрбиесі. Егер, біз дер кезінде өзіміздің ұл-қыздарымызға сол тәрбиесін бере алмаған болсақ, бұл соңында өкіндіруге алып келетін нәрсе. Сондықтан, Аллаһ Тағала бізге ұл-қыздарымызды аппақ қағаз ретінде, ештеңе жазылмаған күйінде беріп отыр. Ал енді сол аппақ парақты жазып, сызып, соған жөн, бағыт-бағдар беретін ұл-қыздың ата-анасы, біздер болмақпыз. Сондықтан, ол жерге біз қандай дұрыс бағыт-бағдарды көрсете білсек, ол дегеніміз біздің ұл-қыздарымызға берген үлкен мұрамыз болып саналады. Сондықтан, Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«Әй мүминдер, өздеріңді және үй-іштеріңді отыны тастан болған Оттан қорғаңдар», деп бұйырған екен.

Міне, осы аят бізге тәрбиенің, біздің беретін негізгі мұрамыздың қаншалықты жауапты екендігін білдіріп отыр. Енді, осыларды біз бөліп-жарып айтатын болсақ, нақты балаларымыздың алдындағы міндетіміз қандай? Бірінші, екінші деп саралап отыратын, қатып қалған қағида жоқ. Десе де, біріншісі деп айтайық, жанұямыз, бала-шағамыздың алдындағы міндетіміз – олардың материалдық жағдайын жасау. Пайғамбарымыз ﷺ айтады:

«Адам баласының жұмсаған ақшасы ішіндегі ең жақсысы – отбасына жұмсағаны».

Қарап отырсаңыздар, біз әрдайым Аллаһ Тағаланың разылығын алу мақсатында көптеген хайырлы, ихсан амалдар жасап жатамыз. Бірақ, ең жақсы амал, ең жақсы жұмсалған дүние – бұл сіздің бала-шағаңызға жұмсалған ақшаңыз, деп Пайғамбарымыз ﷺ өзіміздің жанұямызға, ұл-қыздарымызға деген міндеттеріміздің нақтысын осылай көрсетіп берген екен.

Одан кейін, жалпы балаларымызға беретін тәрбиелеріміздің ең негізгісі – жүректегі имани тәрбие беру. Өйткені, Аллаһ Тағаланың Қасиетті Құран Кәрімінде Лұқман (а.с.)-ның балаларына берген өсиеттері айтылады. Соның ішінде Лұқман (а.с.) өзінің баласына:

«Ей балам, Аллаһ Тағалаға серік қоспа. Өйткені, серік қосу - ол ең үлкен зұлымдық», деп айтады екен.

Міне, осы жердегі ең бірінші баласына үйретіп отырған нәрсесі, ешқашанда Аллаға серік қоспау. Демек, біздің де міндетіміз – өзіміздің ұл-қыздарымызға Аллаһ Тағаланың дінін, Аллаһ Тағаланың Бар екендігін, Бір екендігін және Оған ешқандай серік қосуға болмайтындығын айту біздің міндеттерімізден болып саналады. Одан кейін, аяттың жалғасында айтылады:

«Ей балам, сен мейлі кішкентай бір дәннің бөлігіндей болсаң да, немесе сахарадағы құмның арасында болсаңда, тастың ішінде болсаңда Аллаһ Тағала саған оның барлығын алып келеді», дейді.

Яғни, біздің істеп жатқан дүниеміздің барлығы Аллаһ Тағаланың құзырында, Аллаһ Тағаланың біліп тұрғандығын бізге осылай жеткізеді. Әрі қарай, Лұқман (а.с.) өзінің өсиет сөздерің жалғастыра отырып былай дейді:

«Ей балам, намаз оқы, адамдарды жақсылыққа шақыр және жамандықтан тый. Егер осы нәрселерді жасағаннан кейін басына қиындық келіп жатса, оларға сабыр ет. Және адамдарға жүзіңді көтеріп, тәкәппарланба және жер бетінде тәкәппарланып жүрме», дейді.

Яғни, баласына айтқан өсиетінде: «Сен өмірі тәкәппар болма, адамдарға мұрныңды шүйіріп қарама және жер бетінде жүрген уақытта өте қарапайым болып жүр, тәкәппар болма», дейді

екен.

«Аллах Тағала ешқашанда тәкәппар болып жүрген, жүзің жоғары көтеріп жүрген адамдарды жақсы көрмейді».

Сондықтан, біздің тағы да перзенттерімізге беретін негізгі міндеттеріміздің бірі – оған имани тәрбие беру, Алланың Бар және Бір екендігін үйрету және адамдар алдында тәкәппарланбауын, өзінің болмысын, қарапайымдылығын сақтауды үйрету екен. Одан кейін, бұның барлығын үйрету үшін ең алдымен бұл қасиеттердің барлығы өзімізде болу керек. Егер де бұл қасиеттер өзімізде болмайтын болса, онда біз оны перзенттерімізге де бере алмаймыз.

Тағы бір міндетіміз – жақсы ат қою. Жақсы ат қою деген сөз, біріншіден, ол ат Аллаһ Тағалаға ұнамды болу керек, екіншіден, адамдарға ұнамды ат болу керек. Кейде, кейбір ата-аналар өздерінің перзенттеріне ат қойған кезде, ол атты мағынасы дұрыс болмағандықтан, басқалары күлкіге айналдырып жатады. Ол біраз уақыт, бала өскеннен кейін бала өзінің атынан намыстанып, түрлі психологиялық жағдайларға алып келуі мүмкін. Сондықтан, ат қою мәселесінде де ата-ана мұқият ойланып, дұрыс, жақсы атты таңдап қоя білу керек.

Одан кейін, тағы да бір негізгі міндеттеріміздің бірі – ұл-қыздарымызға жақсы, пайдалы білім беру. Мейлі ол діни білім болсын, мейлі дүниелік білім болсын, ол білім өзіне және ақіретіне пайда алып келетін, екі дүниелік ілімді үйрету де біздің міндетіміз болып саналады.

Одан кейінгі тағы бір айта кететін мәселе, ұлымызға салиқалы әйел тауып, қызымызды иманды жігітке беру де міндетімізге жатады.

Міне, осы айтып өткен негізгі нәрселеріміз - біздердің ұл-қыздарымызға беретін негізгі нәрселеріміз. Әрине, бұдан басқа да, артық беретін, айтатын нәрселеріміз көп. Біз осы қысқа уақыттың ішінде керекті, негізгі дегендерін айтып, осы уақытқа сыйдыруды жөн көрдік.

Аллах Тағала біздердің өсіріп отырған ұл-қыздарымызды, перзенттерімізді Өзінің Разылығына сай, құлшылық ететін және өзінің ата-анасын жерге қаратпайтын, атақ-абыройын асқақтататын перзенттерден болуды нәсіп етсін.

Убедительная просьба к лицам, производящим копирование и распространение в социальных сетях и иных сайтах любых материалов ресурса Azan.kz, в обязательном порядке указывать активную ссылку на источник.